

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір білім беру ұйымдарына Шырақбек Қабылбаевтың және Малкеджар Бөкенбаевтың есімдерін беру және "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 1287 қаулысы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қостанай академиясы» мемлекеттік мекемесіне Шырақбек Қабылбаевтың есімі берілсін.
2. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ақтөбе заң институты» мемлекеттік мекемесіне Малкеджар Бөкенбаевтың есімі берілсін.
3. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 25, 311-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелер мен оның ведомстволарының тізбесінде:

- «1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі» деген бөлімде: реттік нөмірлері 12 және 13-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:
«12. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы.
13. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Малкеджар Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты.»
4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*